

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі-Өлшемшарттар) білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде оларды пайдалану мақсатында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары – білім беру ұйымын бағалауды анықтау үшін қолданылатын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптардың жиынтығы;

2) бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізуге негіз болатын белгілер мен нақты өлшеуіштер;

3) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

4) кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

5) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

6) оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

7) оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

2-тарау. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

3. Бағаланатын кезеңге қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алдыңғы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау (бұдан әрі – бармай профилактикалық бақылау) болып табылмайтын білім беру ұйымдарын жыл

сайынғы бағалау оқу нәтижелеріне бағалау жүргізбей өткізіледі, сонымен қатар білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылады;

2) бармай профилактикалық бақылау алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейінгі бір ай болып табылады.

4. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) оқыту нәтижелеріне бағалау 4, 9-сыныптардың білім алушылары арасында жүргізіледі;

2) оқыту нәтижелерін бағалау білім беру ұйымдарында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі – компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша жүргізіледі;

3) оқыту нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасалады;

компьютерлік тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған бақылаушылардың қатысуымен жүзеге асырылады;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқыту нәтижелерін бағалаудың орнына тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг жүргізіледі (біліктер мен дағдылардың диагностикасы);

5) компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың төменінде 90 %-ы қатысқан кезде жүргізіледі (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды құрайтын білім беру ұйымдары үшін – төменінде 80 %);

карантин, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар себебінен оқыту нәтижелерін бағалауға жататын 4, 9-сыныптар қашықтықтан оқыту жағдайларында компьютерлік тестілеу тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары алынғанға дейінгі мерзімге ауыстырылады;

білім алушылар компьютерлік тестілеу рәсімдерінен босатылады және мынадай жағдайларда оқыту нәтижелерін бағалауға жататын білім алушылар контингентінің тізімдік құрамына енгізілмейді:

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындылары (ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін);

денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы немесе білім беру ұйымдарын бағалау кезеңіндегі коронавирустық инфекциямен ауыратын науқастар;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7355 тіркелген) бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес олимпиадаларға, конкурстарға және жарыстарға қатысу туралы білім басқармасының бұйрығы;

6) бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

«өте жақсы» – 85-100 %;

«жақсы» – 65-84 %;

«қанағаттанарлық» – 40-64 %;

«қанағаттанарлықсыз» – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40 % -дан төмен болғанда;

7) компьютерлік тестілеу нәтижелері цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағаланады, сонымен қоса оқыту нәтижелерін бағалау қорытындылары бойынша апелляция рәсімі көзделмеген;

8) бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың б) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан төменінде 40 %-дан төмен емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі;

5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына «үлгілі», «жақсы», «жақсартуды қажет етеді», «төмен» деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер қолданылады.

Деңгейге сәйкес келетін балл:

«үлгілі» – 5;

«жақсы» - 4;

«жақсартуды қажет етеді» - 3;

«төмен» - 2.

6. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштер, осы Өлшемшарттардың 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес қолданылады.

7. Білім беру ұйымы қызметінің деңгейін бағалау өлшемшарттар балдарының жалпы сомасы бойынша айқындалады.

Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, білім беру ұйымдарының қызметін бағалау кезінде балдардың қорытынды сомасы 50% - ға төмендейді.

8. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері онлайн форматта сауалнама жүргізеді:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтерге, мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата – аналарына (заңды өкілдері) арасында, мектепалды жастағы топтар болмаған жағдайда - ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдері);

- бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында - педагогтерге, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және ата-аналарына, білім беру ұйымында бітіруші сыныптар болмаған жағдайда - жоғары сыныптардың білім алушылар және ата-аналарына;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтерге, жұмыс берушілерге, өндірістік практика базаларының басшыларына және бітіруші курстардың білім алушыларына, білім беру ұйымында бітіруші курстар болмаған жағдайда - жоғары курстардың білім алушыларына.

Педагогтерге, жұмыс берушілерге, өндірістік практика базаларының басшыларына сауалнама 90% -дан кем емес респонденттер қатысқан кезде жүргізіледі.

Білім алушыларға, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ата – аналарына сауалнама респонденттердің төменінде 90% - ы (білім беру ұйымдары үшін, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жалпы саны төменінде 80% - ды құрайтын білім алушылар (тәрбиеленушілер) үшін) қатысқан кезде жүргізіледі.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

8. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі-МЖМБС) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі-ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде 2016 жылғы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

9.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

10. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

13. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрнектілік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

7) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

8) «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының игеруі;

9) «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыруы;

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

3) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

3-параграф. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

17. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2020 жылғы 06 сәуірінде № 20317 тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі:

жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқыту немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқыту;

зертханалық-практикалық сабақтарды орындау;

өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту;

аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру;

егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауға;

бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің модульдерге интеграцияланған білім беру бағдарламаларын оқыту.

2) ТжКОБкБ ұйымдары жұмыс берушілердің қатысуымен МЖМБС, кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills кәсіптік стандарттары (бар болса) талаптарының негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы;

3) МЖМБС 1, 2-қосымшаларына сәйкес ТжКБ оқу жоспарының моделі негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы;

4) оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша ТжКОКББ бекіткен жұмыс оқу бағдарламаларының болуы;

5) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жеке оқу жоспарын және арнайы оқу бағдарламасын (бар болған жағдайда) іске асыру;

6) қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып, міндетті жалпы білім беретін пәндердің, сондай-ақ тереңдетілген және стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлемінің сәйкестігі (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін);

7) бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін енгізе отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу (орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін);

8) жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық модульдерді, сондай-ақ кәсіптік модульдерді (әскери мамандықтарды қоспағанда) оқыту;

9) МЖМБС талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және одан өту;

10) Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалауды әр түрлі бақылау түрлері үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау арқылы жүргізу;

11) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТЖКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталмаған адамдар болған кезде) әзірленген арнайы оқу бағдарламаларының болуы;

12) білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТЖКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы негізінде инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталған адамдар болған кезде) әзірленген жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы.

18. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультацияларды қоса алғанда, білім алушылардың аптадағы оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі;

2) міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақтау;

3) әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақтау;

4) күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен кешкі оқыту нысаны үшін 70%-дан төмен емес және сырттай оқу нысаны үшін 30%-дан төмен емес міндетті оқу сабақтары уақытының көлемнің сақталуы.

19. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларымен айқындалатын білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды сақтау.

20. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерін сақтау.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) болуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің болуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
4	Білім беру ұйымының ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жағдай жасау	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
6	ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3

		80 %-дан төмен	2
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	2
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
		65%-дан79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	4
		50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	3
		50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	2

Білім беру ұйымының басшысы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) болуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің болуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
4	ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	<p><i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан жоғары, - гимназиялар - 50 % -дан жоғары; <p><i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы білім беретін мектептер - 35 %-дан жоғары 	5
		<p><i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 35% -дан 44 % 	4

		аралығында; - гимназиялар –40%- дан 49% аралығында; <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер – 30%-дан 34% аралығында	
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25%-дан 34 % аралығында; - гимназиялар –30%-дан 39% аралығында; <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер – 25%-дан 29% аралығында	3
		<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25 % -дан төмен, - гимназиялар –30% -дан төмен; <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер – 25%-дан төмен.	2
5	ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	<i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 55 %-дан жоғары; - лицейлер - 60 %-дан жоғары, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары; - гимназиялар үшін 60 %-дан жоғары, оның	5

		<p>ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары; - дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 65 %-дан жоғары, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер 45 %-дан жоғары.</p>	
		<p><i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -45% -дан 54 % аралығында; - лицейлер - 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында; - гимназиялар үшін 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында; - дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 55%-дан 64% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті</p>	4

		<p>орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер 40%-дан 44 % аралығында.</p>	
		<p><i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан 44 % аралығында; - лицейлер - 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында; - гимназиялар үшін 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында; - дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан 54% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i> - жалпы білім беретін мектептер 35%-дан 39 % аралығында.</p>	3

		<p><i>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 35%-дан төмен; - лицейлер - 40 %-дан төмен, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен; - гимназиялар үшін 40 %-дан төмен, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен; - дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан төмен, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); <p><i>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы білім беретін мектептер 35 %-дан төмен. 	2
6	Білім беру ұйымдарының ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
7	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жағдай жасалуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
8		100 %	5

	ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 85 %–дан 100 %-ға дейін құрайды	5
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 65 - 84 % -ға дейін құрайды	4
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40 - 64 % -ға дейін құрайды	3
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40 %-дан төмен құрайды	2
11	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	3

		50 % -дан төмен респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	2
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
		65% - дан 79 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	2
13	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	2

Білім беру ұйымының басшысы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттар

№ п/п	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) болуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан аз	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің болуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
4	Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері үшін даярланатын мамандық біліктіліктері (жұмысшы біліктіліктерін қоспағанда) бойынша педагогтердің жалпы санынан	100 %	5
		85 - 99 %	4
		70 - 84 %	3
		70 %-дан төмен	2
5	Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндері бойынша педагогтердің үлесі (жұмысшы біліктіліктері үшін)	100 %	5
		75 - 99 %	4
		50 - 74 %	3
		50 %-дан төмен	2
6	Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және	100 %	5
		75 - 99 %	4
		50 - 74 %	3

	мәдениет саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі.	50 %-дан төмен	2
7	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің және (немесе) магистрлердің үлесі (техникалық және кәсіптік білім беру үшін)	100 %	5
		65 - 99 %	4
		30 - 64 %	3
		30 %-дан төмен	2
8	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің және (немесе) магистрлердің үлесі (орта білімнен кейінгі білім беру үшін)	100 %	5
		70 - 99 %	4
		40 - 69 %	3
		40 %-дан төмен	2
9	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын мамандықтың (мамандық бойынша педагогтердің) даярланатын біліктіліктері бойынша педагогтер санынан ұйымдарда және/немесе өндірісте көлемі соңғы 3 жылда төменінде 72 сағат тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтерімен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	100 %	5
		55 - 99 %	4
		10 - 54 %	3
		10 %-дан төмен	2
10	магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	100 %	5
		55 - 99 %	4
		10 - 54 %	3
		10 %-дан төмен	2
11	студенттердің тұруы үшін жағдайлар жасау, жекен шаруашылық жүргізу, немесе жедел басқару, немесе сенімгерлік басқару құқығымен, немесе жатақханалардың, және/немесе хостелдердің және/немесе қонақ үйдің тұруын қамтамасыз ететін толық оқу кезеңіне жалға алу құқығымен тиесілі болуы	100 %	5
		65 - 99 %	4
		30 - 64 %	3
		30 %-дан төмен	2
12	білім беру ұйымдары тұлғаларының мамандық бойынша жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың бір жыл ішіндегі үлесі	100 %	5
		88 - 99 %	4
		75 - 87 %	3
		75 %-дан төмен	2
13		100 %	5
		95 - 99 %	4

	ҚР БҒМ 2012 жылғы 07 наурыздағы № 97 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын жабдықтау мен және жиһазбен жарақтандыру	80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
14	Білім алушылар контингентіне қатысты оқу жұмыс жоспарына сәйкес, оның ішінде мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша толық оқу кезеңіне оқу тілдері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
15	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	3
		50 % -дан төмен респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	2
16	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
		65% - дан 79 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	2
17	Ата-аналардың (заңды өкілдердің) сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5

		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	2
18	Жұмыс берушілердің, өндірістік практика базалары басшыларының сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың құзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың құзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың құзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер білім алушылардың құзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	2

Білім беру ұйымының басшысы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Бағалау парағы

(білім беру ұйымының аталуы)

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1			
			Балдардың жалпы сомасы

Ескерту. Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының бес деңгейі белгіленген: үлгілі – 40-тан 45 балға дейін, жақсы – 35-тен 39 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 30-дан 34 балға дейін, төмен – 30 балдан төмен - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін; үлгілі – 55-тен 65 балға дейін, жақсы – 45-тен 54 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 35-тен 44-балға дейін, төмен – 35 балдан төмен – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін; үлгілі – 65-тен 75 балға дейін, жақсы – 55-тен 64 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 40-тан 54 балға дейін, төмен – 40 балдан төмен – техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін; үлгілі – 70-тен 80 балға дейін, жақсы – 60-тан 69 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 45-тен 59 балға дейін, төмен – 45 балдан төмен – орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін.

Білім беру ұйымының басшысы _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))